



Т. ЕСЕТОВ АТЫНДАҒЫ № 264 МЕКТЕП- ЛИЦЕЙ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ II ТОҚСАНДЫҚ ЕСЕБІ

2024- 2025 оқу жылының II тоқсанында Тәкей Есетов атындағы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығы үйірме мүшелері білімдері мен өнерлерін шыңдай отырып, шығармашылық концерттік бағдарламаларын жалғастырды, қалалық, облыстық, республикалық және онлайн байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді және мектеп-лицей Facebook парақшасы, қосымша орталықтың Instagram желілері арқылы жарияланды.

Қараша айында хор, сурет үйірме мүшелері «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілген «Алтын күз» республикалық онлайн байқауының ән, сурет номинацияларына қатысып, Жарылхасын Шариф, Ұзақбай Айсұлтан, Дарханқызы Диана, Мұратбек Хамида I дәрежелі Дипломмен, 17 қараша күні Қызылорда қаласында ұйымдастырылған «Атадан мұра» қоғамдық қорының «TURAN FEST» республикалық өнер байқауына «Көркем-ай» би тобы қатысып, жүлделі I орынды иеленіп, арнайы Дипломмен марапатталды.

13 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне орай Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» мерекелік шарасына «Жас домбырашылар», «Жас дарын», «Көркем-ай» би топтары қатысып, өз өнерлерін көрсетті және арнайы Алғыспен, Тәуелсіздік күніне орай Облыстық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» тақырыбындағы дөңгелек үстелге хор үйірме мүшелері Жарылхасын Шариф, Нұрланқызы Айкөркем, Айекенов Арман қатысып, Алғыс хатпен, 20 желтоқсан күні Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «English for kids» үйірме қатысушылары арасындағы әдеби-сазды кешке хор үйірме мүшесі Нұрланқызы Айкөркем «Ертегілер» әнін ұсынып, Алғыспен марапатталды.

Қосымша білім беру орталығының жоспарына сай 2024 жылдың 1 қараша күні қосымша білім беру орталығының үйірме жетекшілері мен үйірме мүшелерінің ұйымдастыруымен күзгі демалыс күнгі іс-шаралар жоспары бекітіліп, «Балалар кітапханасы» жобасы басталды.

«Балалар кітапханасы» жобасының басты мақсаты:

оқушыларды кітапқа құштарлығын ояту;

кітап оқуға құмарлығын арттыру;

кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру;

кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу.

Оқушылар күзгі демалыстарын пайдалы өткізу арқылы жақсы көңіл- күйден қуат алды. Оқушылардың оқуға деген қызығушылықтары артып, оқыған кітаптарымен бір - бірімен бөлісті.

«Балалар кітапханасы» жобасы қараша айы барысында үйірмелер арасында жалғасын тапты және іс-шара қосымша білім беру орталығының Instagram желісі арқылы жарияланды. Сонымен қатар 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай «Ұлттық валюта – теңге күні» тақырыбында кәсіби шығармашылық іс-шарасы, желтоқсан айында «Үнемді тұтыну» табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру шарасы, Тәуелсіздік күніне орай үйірмелер арасында «Жетістігімді еліме арнаймын» ата-аналдар мен үйірме мүшелеріне арналған челлендж, жаңа жыл мерекесіне орай «Жасыл шырша жанында» тақырыбында жаңа жылдық ертеңгілік өткізілді.

Тоқсан меңгеруші жанындағы кеңес қорытындысымен қорытындыланды.

Әрбір іс - шара қосымша білім беру орталығының Instagram желісі арқылы жарияланды.

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі:



М.Рахметова